



Құпиялылық саясаты

Осы құпиялылық саясатында («Саясат») біз, Qualcomm Incorporated және біздің еншілес компанияларымыз (барлығы бірге «біз» немесе «біздің»), жеке деректерді жинауымыз, пайдалануымыз, өңдеуіміз және тасымалдауымыз туралы ақпарат береміз. Qualcomm Incorporated және оның басқа еншілес компаниялары – кәсіпорындар (заңды тұлғалар) арасында, іс барысында және бүкіл әлем бойынша ақпараттық жүйелерде деректерді ортақ пайдаланатын ғаламдық ұйым болып табылады. Сол себептен, осы саясатта біз қауіпсіздікке қатысты көптеген заңдарды қамту үшін «жеке деректер» терминін кеңінен қолданамыз; «жеке деректер» – тұлғасы анықталған адамға немесе тұлғаны анықтау үшін тиісті түрде (өзін немесе заңды негізде қолжетімді басқа да деректермен тіркесімде) пайдалануға болатын ақпаратты білдіреді.

Ауқымы

Бұл саясат оған тікелей сілтеме жасалатын немесе аталатын вебсайттарымызға, өнімдерімізге, қызметтерімізге, бағдарламалық құралдарымызға немесе қолданбаларымызға қолданылады (барлығы бірге «Қызметтер»). Бұл саясат тек қана Қызметтер арқылы жиналған деректерді қамтиды және бөлек құпиялылық саясаты бар басқа деректерді жинау немесе өңдеу әрекетіне, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, басқа қызметтердің деректерді жинау әрекеттеріне қолданылмайды. Кейбір кездері біз сауалнамалар және арнайы мақсаттағы веб-парақшаларда, Жұмыс орындары веб-парақшасында осы Саясатқа сілтеме жасаймыз. Бұндай жағдайда осы саясат белгілі бір ескертпе немесе (жиналатын деректер түріне немесе жинау мақсатына байланысты) рұқсат сұрау арқылы өзгертілген түрде қолданылады.

Дерек түрлері және жинау әдістері

Біз төменде айталған жолдармен жеке деректердің көп түрін жинаймыз. Сіз қандай деректердің жиналатынын таңдай аласыз. Деректеріңізді бізге беру сұралған кезде одан бас тарта аласыз. Алайда, деректерді беруден бас тартқан жағдайда тиісті өнімді немесе қызметті пайдалану мүмкіндігі азаюы немесе шектелуі мүмкін.

Сіз жіберетін деректер. Бізден ақпарат сұратқанда, тіркелгенге, өнімге немесе қызметке тапсырыс бергенде немесе бұндай ақпаратты өз еркіңізбен жіберген кезде аты-жөніңіз, электрондық пошта(лар), мекен-жай, телефон нөмір(лер)і және сіздің кәсібіңізге қатысты ақпаратты жинаймыз. Ақылы қызметтерге байланысты біз сондай-ақ төлем туралы ақпаратты (мыс. кредиттік карта нөмірін және оны растауға қатысты), телефон нөмірі, шот ұсыну және жеткізу мекенжайлары туралы ақпаратты да жинаймыз.

Веб-сайттарымыздан автоматты түрде жинайтын деректер. Сіз веб-сайтымызға кірген кезде, компьютеріңізден немесе мобильді құрылғыдан браузер түрі, операциялық жүйе, IP мекенжайы және сіз сайтқа кірген домен атауы, мобильді құрылғыдан кірген жағдайда мобильді құрылғы түрі сияқты жалпы деректерді жинаймыз. Осыған қоса, біз веб-сайттарымызды пайдалануыңыз, мысалы, сайтқа кіру уақыты мен күні, сіз кіретін бөлімдер немесе парақшалар, сайтты қарауға жұмсайтын уақыт, сайтқа қайтып кіретін кездеріңіз және басқа да кіру туралы ақпаратты жинаймыз.

Cookie файлдары. Веб-сайттарымызды немесе веб-қолданбаларымызды пайдалану туралы деректерді жинау үшін біз cookie файлдарын, веб-маяктарды немесе осыған ұқсас технологияны пайдаланамыз. Cookie файлы дегеніміз – сайтқа кірген кезде компьютеріңіздің немесе құрылғыңыздың дискінде сақталатын шағын мәтіндік файл болып табылады. Біз cookie файлдарын сайттарымыз бен қызметтерімізді басқару үшін пайдаланамыз, соның ішінде: (1) сізді есте сақтап, келесі жолы кіргенде ақпаратты қайта енгізбеуіңіз үшін, (2) сайтта сізге бейімделген мазмұн немесе ұсыныстар беру үшін; (3) сайттың жұмысын бақылау, зерттеу жүргізу, мазмұнды және қызметтерді жақсарту мақсатында жалпы статистика әзірлеу үшін және (4) сайттарымыз бен қызметтеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пайдаланамыз.

Сонымен қатар біз веб-аналитика бойынша серіктестеріміз, жарнама берушілер немесе жарнама желілері сияқты басқа компаниялардың сайттағы cookie файлдарына немесе веб-маяктарға (1x1 пиксельдік .gif файлдары немесе әрекет белгілері деп те аталады) қатынасуына рұқсат береміз. Мысалы, біз интернетте жарнама беру немесе басқа компанияларға сайтымызда жарнама көрсету үшін үшінші тараптық жарнама беруші компаниялардың қызметін пайдаланамыз. Осы үшінші тараптық жарнама беруші компаниялар өз клиенттері, соның ішінде біз үшін жарнама тиімділігін жақсарту мақсатында cookie файлдарын немесе веб-маяктарды қолданады. Ол үшін бұл компаниялар сайтымызға немесе басқа қызметтерімізге кіру туралы деректерді пайдаланып тұрады. Бұндай деректер баннердің көрсетілу уақытын/күнін, cookie файлындағы бірегей идентификаторды және құрылғыңыздың IP мекенжайын қамтуы мүмкін. Бұл деректер сондай-ақ сізді қызықтыратын тауарлар мен қызметтер туралы жарнамаларды көруіңіз үшін оларды бейімдеу мақсатында пайдаланылуы мүмкін. Осы әрекеттер және бейімделген жарнамаларды таңдауыңыз туралы туралы толығырақ мәлімет қажет болса, [мына мақаланы](#) қараңыз.

Cookie файлдарын пайдаланудан бас тарта аласыз, бірақ, олай істеген жағдайда сайттың кейбір мүмкіндіктерін толық шамада пайдалана алмауыңыз немесе ұсыныстар алмауыңыз мүмкін. Cookie параметрлерін өзгерту туралы ақпаратты браузеріңіздің «Анықтама» мәзірінен қарауға болады. Толығырақ мәлімет алу үшін Cookie файлдары бойынша саясатымызды қараңыз.

Бағдарламалық құралдар мен қолданбалар: Qualcomm Incorporated корпорациясының еншілес компаниялары мобильді құрылғылардың өнімділігін жетілдіруге, батареяның қуатын үнемдеуге, қауіпсіздікті жақсартуға немесе басқа да артықшылықтарды ұсынуда

көмектесуі мүмкін көптеген бағдарламалық құралдар мен қолданбалар жасайды. Осы бағдарламалар арқылы біз орналасқан жер, бірегей идентификаторлар (процессордың сериялық нөмірі немесе халықаралық абонент идентификаторы), құрылғыда орнатылған және/немесе жұмыс істейтін қолданбалар және оның моделі, сериясы және операторы, операциялық жүйесі және нұсқасы, бағдарламалық құрал нұсқасы және процессордың өнімділігі, батареяның жұмсалуды және температура сияқты конфигурация деректері туралы ақпаратты жинауымыз мүмкін. [Толығырақ білу](#)

Үшінші тарап көздері: Жеке деректерді біз сондай-ақ деректер брокерінен, әлеуметтік желілерден, басқа серіктестерден немесе ашық ақпарат көздерінен алуымыз мүмкін.

Жинау мақсаттары, деректерді пайдалану

Сіз туралы жеке деректерді сіздің рұқсатыңызбен және/немесе сіз пайдаланатын өнімдермен қамтамасыз ету, бизнесті басқару, келісім-шарттың және заңды міндеттемелерді орындау, жүйелеріміз бен тұтынушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету немесе басқа да мүдделерді орындау үшін жинаймыз және өңдейміз. Деректерді жинау және пайдаланудың мақсаты келесілерді қамтиды:

- Бізге жіберілетін ақпарат сұрауына немесе қызметке жазылу не өнімді сатып алу туралы сұрауға жауап беру үшін;
- Сіз сұрататын қызмет(тер)ді ұсыну, басқару және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін;
- Кәсіпорынды басқару және жетілдіру, соның ішінде әкімшілік ету, қорғау және қызметтер мен жүйелерімізді жақсарту үшін, жаңа өнімдер мен қызметтер әзірлеу және басқа да ішкі кәсіпкерлік мақсаттарда;
- Қызмет пайдаланушыларының қалауларын жақсырақ түсіну үшін, Қызметтердің пайдаланылуы бойынша жалпы статистика жасау және веб-сайтымыз бен Қызметтерімізді пайдалануды бейімдеуге көмектесу үшін;
- Технологиямыз, жаңа шыққан өнімдер немесе қызметтер туралы ақпарат, жаңалықтар және басқа да хабарламалар жіберу үшін; және
- осы саясатта немесе деректі жинағанда көрсетілген басқа мақсатта.

Осы мақсаттарды орындау үшін және қолданыстағы заңда рұқсат етілген шамада, біз түрлі көздерден жинайтын деректердің бірнеше түрін біріктіруіміз мүмкін.

Деректерді қайда сақтаймыз және өңдейміз

Біз деректерді АҚШ-та және бүкіл әлем бойынша, соның ішінде Азияда және Еуропалық экономикалық аймақта сақтаймыз және өңдейміз. Осы саясатты жүзеге асыру үшін деректерді сақтау немесе өңдеу кезінде, біз деректердің осы Саясатқа және тиісті заңға сәйкес өңделуін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданамыз.

Біз жеке деректерді Еуропалық экономикалық аймақтан басқа елдерге тасымалдаймыз. Еуропалық комиссияның мәлімдеуі бойынша, олардың кейбірінде деректер қорғанысы деңгейі төменірек болуы мүмкін. Тасымалды жүзеге асыру кезінде біз бірқатар заңды механизмді (мысалы, сіздің рұқсатыңызды немесе заңды келісім-шарттарды) пайдаланамыз.

Жеке деректерді басқаларға ашу

Біз жеке деректерге Qualcomm (және оның еншілес компаниялары) ішінде қатынасамыз және осы Саясаттағы мақсаттарға сәйкес, деректерді өз атымыздан үшінші тараптық жеткізушілермен бөлісеміз. Біз сондай-ақ қызметкерлерге және тұтынушы кәсіпорындардың жұмысшыларына оқыту және басқа да қызметтерді ұсынуымыз мүмкін. Бұндай жағдайда, біз деректерді оқыту және басқа да қызметтерге қатысты кәсіпкерлікте пайдалану мақсатында анықталған тұтынушы кәсіпорындармен бөлісуіміз мүмкін. Сонымен қатар, деректеріңізді заңда талап етілгендей немесе біздің не басқалардың заңды құқықтарын қорғау немесе жүзеге асыру үшін, яғни, құқық қорғау органдарының сұрауы бойынша және сот істеріне байланысты басқаларға ашуымыз мүмкін. Ықтимал немесе іс жүзіндегі сату, біріктіру, орын ауыстыру немесе толық кәсіпорынды немесе оның бөлігін басқа да жолмен қайта ұйымдастыруға байланысты сіздің деректеріңізбен бөлісуіміз немесе оларды тасымалдауымыз мүмкін. Ақырында, жеке деректеріңізді сізден рұқсат алған мақсатта пайдалануымыз мүмкін.

Сіздің таңдауларыңыз

Жазылу/жазылымнан бас тарту Кейбір жағдайларда, мысалы, электрондық пошта маркетингінде біз кейбір деректерді жинауға, пайдалануға немесе олармен бөлісуге жазылу немесе одан бас тарту мүмкіндігін ұсынамыз. Бұндай жағдайда сіздің жасаған таңдауыңызды құрметтейміз.

Қатынасу. Егер бізде сақталатын жеке деректеріңізді көргіңіз келсе немесе жіберген жеке деректеріңіз ескіріп, өзгеріп немесе толықтырылып, оны жаңартқыңыз келген жағдайда, біздегі бар жеке деректеріңізді анықтау үшін Қатынасу туралы сұрау формасын [<https://www.qualcomm.com/site/access-request/contact>] толтырыңыз. Жеке деректеріңізді өзгерту қажет болса, біз алынған деректерді тұлғаңызды анықтау үшін пайдалану құқығын сақтаймыз.

Бақыламау. Біз қазіргі уақытта веб-браузерлерден жіберілген «Бақыламау» («DNT») сигналдарына жауап бермейміз. DNT сигналдарының пысықталуы және оларды қабылдайтын веб-сайттардың немесе үшінші тараптардың орындайтын әрекеттеріне қатысты бірыңғай стандарт әлі орнатылмаған. Дегенмен, деректерді жинау және пайдалануды басқару құралдарын, соның ішінде браузердің параметрлеріндегі және жоғарыда Cookie файлдары туралы бөлімде жекелендірілген жарнаманы басқару параметрлерін қоса алғанда, cookie файлдарын басқарудың басқа көптеген құралдарын пайдалана аласыз.

Сақтау

Біз жеке деректеріңізді есептік жазбаңыз белсенді болған кезде немесе сізге қызмет көрсету қажет болған кезде сақтаймыз. Деректер кәсіпкерлік мақсаттарда жиналып, бұдан былай қажет болмаған кезде біз белгілі бір уақыт өткен соң оларды жоямыз. Дегенмен, біз заңды міндеттемелерімізді орындау, дауларды шешу және келісім-шарттарымызды орындау үшін жеке деректерді қажетінше сақтаймыз және пайдаланамыз.

Қауіпсіздік

Интернет арқылы тасымалдау ешқашан 100% қауіпсіз және қатесіз болмайды. Дегенмен, біз деректерді жоғалудан, дұрыс пайдаланбаудан және рұқсатсыз қатынасудан, басқаларға ашудан, өзгертуден және жоюдан қорғау үшін тиісті шараларды қолданамыз.

Құпиясөздеріңіз бен пайдаланушы идентификаторыңыздың қауіпсіздігіне сіз жауапты боласыз және қызметтердің біріндегі құпиясөз немесе пайдаланушы идентификаторы басқаларға белгілі болғанда бізге ол туралы хабарлауыңыз қажет. Құпиясөздеріңіз және пайдаланушы идентификаторыңыз арқылы қызметтердің рұқсатсыз пайдалануы үшін сіз ғана жауапты боласыз.

Балалардың құпиялығы

Біздің қызметтер ересектерге арналған. Біз тиісті заңда анықталған балаларды анықтайтын ақпаратты әдейілеп немесе біліп тұрып жинамаймыз және балалардың бізге қандай да бір жеке деректерін жібермеуін сұраймыз.

Түзетулер

Біз осы саясаттың бөліктерін кез келген уақытта өзгерту, түзету, толықтыру немесе жою құқығын сақтаймыз, бірақ осы Саясатқа соңғы енгізілген өзгерістердің күнін көрсетеміз. Егер біз саясатқа маңызды өзгерістер енгізетін болсақ, біз заңға сәйкес кем дегенде отыз күн бұрын сізге тиісті онлайн хабарландыру жібереміз және/немесе сізден рұқсат аламыз. Біздің веб-сайттарға кіргенде немесе қызметтерімізді пайдаланғанда, сіз осы саясаттың ағымдағы нұсқасын қабылдайсыз. Біз пайдаланушылардың осы Саясаттағы қандай да бір өзгерістердің бар-жоғын жиі тексеріп отыруына ұсыныс береміз.

Бізбен хабарласу

Бізбен хабарласу үшін [privacy\[айқұлақ\]qualcomm\[нүкте\]com](mailto:privacy@qualcomm.com) поштасына немесе Qualcomm Incorporated, Attn. Privacy Counsel, 5775 Morehouse Drive, San Diego, CA 92121 мекенжайына хат жіберіңіз.

Күшіне енген күні: 18 сәуір, 2018 ж.

©2018 Qualcomm Technologies, Inc. және/немесе оның еншілес компаниялары.